



## «Сиыр-бұзау» жүйесі

**Александр Суминов**

Мал шаруашылығы бойынша  
сарапшы, тәуелсіз кеңесші



1

Төлдеу маусымын таңдау

2

Төлдету: ұйымдастыруы, барысы, бақылауы, қиындықтары

3

Жаңа туылған төлдің және анасының күтімі

4

Тіркеу

## Артықшылықтары



**Сиырда витамин тапшылығы жоқ** — сау бұзаулар туады



Жайылым алдында бұзаудың асқазан **ішек жолын нығайтуға уақыт бар**



Таңбаны, чипті орнату, вакцинация **жасау оңайырақ**




Бұзаулар жазда **ыстыққа оңай төзеді**



**Бұзаулар аз ауырады**



Сиырдың емшектен шығарғаннан кейін қыстауға қоюға дейін **қалпына келуге уақыты бар**



## Кемшіліктері



**Орынжайлар** болуы керек



Жем шығындары **көбірек**



## Артықшылықтары



Төлдейтін бөлме  
**қажет емес**



Қыста сиырлар сүт бермейді  
және **аз жем тұтынады**

## Кемшіліктері



Сиырларда **мастит** болуы мүмкін  
— бұзау диареямен ауырады



Биркаларды, чиптерді орнату,  
екпе **жасау қиын**




**Жайылымға арналған қашалар**  
және күннен қорғау қаже




**Сиырлардағы витамин**  
**тапшылығы** — әлсіз бұзаулар  
туады



Сүттің көптігіне байланысты  
желіннің кейбір бөліктері  
**«босатуға»** кетеді  
(лактацияны тоқтату)





## Қосымша төлдеу:

- Негізгі қосылу маусымында **ұрықтанбаған сиырлар**
- Негізгі қосылыс маусымында **жұптасу жасына және салмағына жетпеген ұрғашылар**



## Артықшылықтары



Көктемге қарай бұзаулар **төлдеу кезеңіне қатысады**

## Кемшіліктері



Тұрақты жем базасы қажет — **қыста жемді көп тұтыну**

Төлдеу кезеңінде аналық **мал күн сайын 3-4 рет тексеріледі.**

Төлдеу белгілері бар сиырларды төлдеу орындарына жақын орналастырады.

## Төлдеудің басталуының алғашқы белгілері

- желіннің толуы
- сарпайдың, сыртқы жыныс мүшелерінің ісінуі
- сарпайдан бөлінулер
- кейде көрінетін толғақтар мен күшенулер
- қынаптан төлдің сыртқы қорғаныс қабының көрінуі, шығуы

## Төлдеу кезеңдері

### Дайындық — шамамен 6 сағат

Жатырдың бұлшық еттерінің толқын тәрізді жиырылуы — толғақтар. Қабықтардың жарылуы және жатыр жанындағы сұйықтықтың шығуы

### Төлдеу кезеңі — 20 минуттан 3 сағатқа дейін

Күшену: ұрық жатыр мойны мен қынап арқылы толығымен сыртқа қарай итеріледі. Кіндіктің үзілуі орын алады.

### Туғаннан кейінгі кезең — 10 сағатқа дейін

Сиыр тынышталады. Бірнеше минутқа созылатын үзіліс туындайды. Содан кейін жатыр қайтадан жиырыла бастайды. Жиырылу жатыр қабықтары шығарылғанға дейін жалғасады.

## Патологиялық төлдеу

Кейде төлдеу кезінде **патологиялар туындайды**, әртүрлі себептерге байланысты (шудың түспеуі, ұрықтың қисық келуі) ұрықтың өздігінен босану каналдарынан шығалмайтын жағдайы.

Егер төлдеу су кеткеннен кейін **40 минут ішінде болмаса** — **босануға көмек қажет**.

**Білікті ветеринарлық маманға жүгіну ұсынылады.**



## Төлдегеннен кейін

- Төлдегеннен кейін 30 минуттан соң желін ауруының алдын алу және су балансын сақтау үшін **8-10 литр жылы тұзды су беріңіз**. Бүгінгі күні ветеринарлық дәріханаларда төлдегеннен кейін сиырларға арналған **арнайы электролиттерді** табуға болады.
- Астауда азық бар екеніне көз жеткізіңіз.
- **Шуы түскен кезде**, көң мен лас сабанды алып тастап, жаңасын төсеңіз.
- **Төлдеген сиырды бақылау керек**. Кейбір патологиялық процестердің дамуы бірнеше күнді алады.

Бұзауды **таза шүберекке немесе сабан төсемеге** қабылдау керек. Ауыз бен мұрын шырыштан босатады және сиырдың оны жалауына мүмкіндік береді.

## Егер кіндік жібі үзілмесе

Ол іштен 10-12 см қашықтықта **дезинфекцияланған қайшымен** кесіледі, алдын ала кіндіктің ішіндегісін сығып алады. Жіптің ұшы йод тұнбасымен немесе 2-3% лизол ерітіндісімен дезинфекцияланады.

## Егер сиыр бұзауды қабылдасамаса

**Көбінесе бұлар алғаш төлдегендер, жас сиырлар.** Сиыр мойын бекіткішінің көмегімен бөлек қашаға бекемдеп бекітіледі. Егер ол көмектеспесе, сиырға седативті дәрі беріледі

## Бұзауларды азықтандыру

**Алғашқы рет 1-2 сағат ішінде бұзау уыздың алғашқы бөлігін алуы маңызды** — иммунитет қалыптасады. Бірінші рет бұзау 1 литрге дейін ішеді. Бұзау күніне 5-12 рет тамақтана алады.

**Бұзау сиырды өзі соруы керек.** Егер ол әлсіреген болса, тұруға және желінге жақындауға көмектеседі.

Қажет болса, бұзауларға **инъекция арқылы А, Д, Е дәрумендері** беріледі.

Сиырлардың алғашқы күндері бұзаулармен бірге жеке торларда ұсталады. Сиырларды арнайы қашаларда азықтандырады, түнде олар қайтадан бұзауларымен бірге орналастырылады.

Осы **кезеңде сиыр-бұзау** жүйесі қалыптасады.





## БИРКАЛАУ

Міндетті

Құлақ қалқанына арнайы ақпарат белгісін орнату



- + Жануарды визуалды сәйкестендіру
- Бирка жиі жоғалады

## ТАТУАЖ ЖАСАУ

Құлақ қалқанының ішкі жағына арнайы сандар мен әріптердің татуажын жасау үшін тушь жағу

- + мәңгілікке
- уақыт өте келе нашар оқылуы мүмкін
- жануарды жақсы бекіту керек



## ЧИПТЕУ

**Чиптеу** — тері астына электронды чипті енгізу



**Болюс** — асқазанға енгізіледі

- болюсті енгізу үшін сізге жабдық қажет
- + жоғалмайды
- + жануарларды алмастырудан қорғау

**Чипі бар бирка** — құлақ қалқанына ілінеді

- жоғалса, ауыстыруға болады

## ТАҢБАЛАУ

Суық немесе ыстық әдіспен таңбалау — металдан жасалған таңба қою

- + мәңгілікке
- + қолжетімді



- жануарға зиян келтірмеу үшін тәжірибе қажет
- егер ол сапалы жасалмаса, ол өсіп кетуі мүмкін



# EL BAYLYGY

CULTIVARIY арнайы  
BAI BOLSYN үшін жасады